

ӨОЖ 2+7

Н.Ж. Байтенова

Ортағасырлық Батыс Еуропада философиялық ойдың даму барысы және ерекшелігі

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

Аннотация. Мақала ортағасырлық батысеуропалық философияның негізгі даму кезеңдеріне және өзіндік ерекшеліктеріне арналған. Ортағасыр философиясы 5-15 ғғ. аралығын қамтып, Еуропа тарихында Рим империясының күйреуінен бастап, Қайта өрлеу дәуіріне дейінгі мың жылдардан астам уақытты қамтыды. Бұл кезде Еуропада феодалдық қарым-қатынастар қалыптасып, христиан діні өмірдің барлық салаларына үстемдігін жүргізе бастады. Ортағасыр философиясы феодализм кезеңіне сәйкес келген соң қоғамды діни идеология басқарды. Бұл кезеңнің ерекшелігі – ортағасырда таза философия болған жоқ, онда қалыптасқан негізгі мәселелер христиан идеяларымен байланысты болды. Ортағасырлық батысеуропалық философияның даму барысына талдау жасаудың негізінде, мынадай қорытынды жасауға болады: оның тек қана бір бағытта дамуына қарамастан, яғни діни-идеалистік сипатта болуына қарамастан, осы философиялық ойлау шеңберінің ішінде көптеген мәселелерді қойып, кейбіреулеріне жауап беруге тырысқан. Ортағасырлық батысеуропалық философияны өзіндік мән-мағынасы бар, жалпы әлемдік философиялық ойлау жүйесінде ерекше орны бар, әлемдік философияның даму барысына өзіндік үлес қосқан ерекше философиялық жүйе деп қарауға толық негіз бар.

Түйін сөздер: Құдай, дүние, адам, діни идеология, патристика, схоластика, номинализм, ақыл, ерік, сана.

Ортағасырлық Шығыс пен Батыс философиялық ойдың даму барысында әрқайсысы өзіне тән ерекшелігімен айқындалып отырды. Ортағасырлық арабтілдік мұсылман философиясын батыстық философиямен салыстырғанда діннің әсері біршама бәсеңдеу болды, бұл жағдай шығыс мұсылман философиясының әртүрлі бағытта дамып, еуропалық ғылым мен философияға қарағанда едәуір алдыға кетіп, әлемдік философия деңгейіне көтеріле алуына негіз болды. Осы тарихи кезең туралы, мұсылмандық Шығыс пен христиандық Батысты салыстырып, Е.А.Фролова өзінің «Араб-мұсылмандық философиясының рационализмі» деген мақаласында былай деп жазады: «... Еуропа рухани дағдарысты басынан кешіріп жатқанда, Таяу және Орта Шығыс халықтарында ғылымының шарықтау кезеңі, қоғамдық ойды, қоғамдық сананы рационализациялау қозғалысының қуаты фальсафамен қатар теологияны, әдебиетті қамтып, мәдениеттің гүлденуіне себепші болды». [1; с.20–21.] Егер-

де 8-ғасырдың басында арабтар Испанияны басып алған кезде тұрғылықты испан-рим халықтарының мәдениетінен біршама төмен тұрса, 9-10 ғасырларда ғылым мен мәдениеттің дамуының нәтижесінде арабтар мұсылмандық Шығыс үшін ғана емес, христиандық Еуропа үшін де мәдениет, ғылым мен философия орталығына айналды. Испанияда 10-ғасырда өмір сүрген христиандық автордың жазуы бойынша: «Ең атақты жас христиандар арабтардың тілі мен әдебиетінен басқа әдебиет пен басқа тілді білмейді; және де олар араб кітаптарын ынтамен оқып зерттейді, олар көп ақша жұмсап араб кітаптарынан кітапхана құрастыруға асығады және барлық жерде араб ғылымын мақтайды. Басқа жағынан, христиан кітаптары туралы еске алғанның өзінде олар менсінбей, мұндай шығармалар оларға назар аударуға тұрмайды деп мәлімдейді» [2; с.21]. Осы мәселе төңірегінде бертін келе үнді халқының көрнекті өкілі Д.Неру де өзінің «Үндіні ашу» деген кітабында өте жақсы көрсетіп берген. Ол араб мәдениетінің әлемдік, ең алдымен,

батысеуропалық мәдениетке ортағасырларда тигізген әсерінің зор екендігін ерекше атап өткен: «Бағдат халифаты мұсылман әлемінің мәдени орталығы болып қала берді, тіпті алыстағы Испания одан шабыт алып отырды. Сол кезеңде Еуропа білім, ғылым және тұрмыс салаларында артта қалған болатын. Арабтар Испанияда (Хордов), бүкіл ортағасырлық еуропада білім шырағының сөнбеуіне мүмкіндік берді. Бұл шырақтың сәулесі Еуропаның еңсесін басқан қара түнекті қақ жарып білім нұрын төкті» [3]. Сонымен, ортағасырда мұсылмандық шығыс мәдениеті мен философиясының ерекше гүлдену және даму кезеңі болса, батысеуропалық мәдениет пен философияға құлдырау мен дамуында біржақтылық тән болды. Ортағасырлық батысеуропалық философияның құлдырауы марксистік философия тұрғысынан баға берілгендей, оның жалпы діни сипатта болғанына байланысты емес, оның тек бір бағытта, яғни тек қана діни-идеалистік сипатта болып, философияның емін-еркін дамуына мүмкіндік бермей, біржақты сипат алып дамуында болды.

Ортағасыр философиясы 5-15 ғғ. аралығын қамтып, Еуропа тарихында Рим империясының күйреуінен бастап, Қайта өрлеу дәуіріне дейінгі мың жылдардан астам уақытты қамтыды. Бұл кезде Еуропада феодалдық қарым-қатынастар қалыптасып, христиан діни өмірдің барлық салаларына үстемдігін жүргізе бастады. Ортағасыр философиясы феодализм кезеңіне сәйкес келген соң қоғамды діни идеология басқарды. Бұл кезеңнің ерекшелігі – ортағасырда таза философия болған жоқ, онда қалыптасқан негізгі мәселелер христиан идеяларымен байланысты болды. Ортағасыр философиясының негізгі міндеті – дінге қызмет ету еді, осыған байланысты батысеуропалық ортағасыр философиясының көтерген негізгі мәселелері:

1. Құдай мен дүниенің қарым-қатынасы;
2. Құдай мен адам арасындағы байланыс;
3. Құдайды танып білу жолдары.

Ортағасырлық батысеуропалық философияның негізгі ерекшеліктеріне төмендегілер жатады:

– Платон мен Аристотельдің ілімдерін пайдалана отырып, антика философиясына көңіл бөлуі;

– антика дәуірінде қалыптасқан білім мен сенім арақатынасы өзгеріп, сенімнің білімге басымдылық жасауы;

– антикалық философиялық мұралар Құдай идеясы туғанға дейін пайда болғандықтан, оларға сенімсіздікпен қарау;

– философияның танымдық идеялары тек әулие кітапты талқылау мен Құдайлық догматтардың мәнін ашуға ғана қатыса алады деген көзқарастардың ортағасырда жиі кездесе бастауы;

– философияның бар ақыл-күшін христиан догмаларын дәлелдеуге негіздеп, діни ілімдердің әсеріне түсуі;

– танымның негізгі формасы ретінде – «ашылу» (откровение) арқылы діни догматтардың ақиқаттығын ашу;

– әулиелік текстерге – күдік туғызбай, тек сенім арқылы Құдайды тану.

Христиан философиясының негізгі идеясы: монотеизм, күнәһарлық және құтқару идеясы. Христиандық философияның алғашқы қалыптасуына өзіндік үлес қосқан апологетика болды. Жаңа Өсиеттің канондары жазылып бітпей жатқанда христиан догмасын қолдаушылар – **апологеттер** мектебі қалыптасты.

Апологетиканың көрнекті өкілдері: **Филон Александрийский** және **Квинт Тертулиан**. Тертулианның ортағасырлық философияға қосқан үлесі – ол христиан ілімі мен философияның бірге жүре алмайтындығын ашып көрсеткен. Ол христиан дінінің әлеуметтік функциясы философиялық негізсіз бола алады деп, христиан ілімін философиядан толық бөліп алғысы келді.

Апологеттердің жазған шығармаларының негізгі мақсаты:

- христиан дінін қорғау және ақтау;
- негізгі философиялық мәселелерді христиан дінінің қағидалары арқылы қарастыру.

Апологеттер шіркеу беделін пайдалана отырып, сенімнің білімге басымдылығын философиялық әдістер арқылы көрсеткілері келді. Апологеттер өзіндік ерекше философиялық жүйелер жасай алмағанмен, кейіннен христиандық философия үшін маңызды болып табылатын негізгі мәселелерді айқындап берді. Бұл, ең алдымен, Құдай туралы, дүниенің жаралуы туралы, адамның табиғаты және оның мақсаттары туралы сұрақтар. Сонымен қатар, апологеттердің мақсаты – христиан дінінің қағидаларын артық санап, оны мемлекеттік дінге айналдыру идеясын қойды. XI ғасырдан бастап алғашқы христиандық ойшылдардың ілімдерін жинақтаудың негізінде апологетика бағыты толық қалыптасты.

Ортағасырлық батыстық философияның Құдай мәні мен табиғаты, әлемнің жаратылуы, адам табиғаты туралы мәселелерді көтерген келесі – **патристика** бағыты қалыптасты.

Патристика дегеніміз – II-VIII ғасырлардағы христиан ойшылдарының философиялық-теологиялық ілімінің жиынтығы, оның негізгі мақсаты – христиан дінін қорғау және оның негізгі қағидаларын теория жүзінде негіздеу.

Патристика ұзақ даму кезеңінен өтті, оның даму барысын 3 кезеңге бөлуге болады.

Патристиканың бірінше кезеңі II-III ғасырларды қамтыды және бұл кезең негізінен аполлеттік сипатта болды: христиандық дүниетанымды, христиан дінін теориялық тұрғыдан негіздеу және қорғау. Ерте кезеңдегі патристикаға тән нәрсе – оның антика мәдениеті мен философиясына деген қатынасының екіжақтылығы. Егер **Тертуллиан** мен **Теофил** антика философиясын «шайтанның ісі» деп қараса, **Юстин** мен **Климент Александрийский** антика философиясымен христиандықтың бір-біріне қарама-қарсы емес екендігі туралы идеяны ұсынады.

Патристиканың екінші кезеңі – IV-V ғасырларды қамтыды және классикалық кезеңі болып есептеледі. Бұл кезеңде батысеуропалық ортағасырлық философияның дүниетанымдық және теологиялық-догматикалық негіздері қалыптасты. Осы тарихи кезеңде неғұрлым жиі қарастырылған мәселелерге жататындар:

1) тринитарлық (Құдайдың үштілігі және бірлігі);

2) христологиялық (Христостағы екі табиғаттың – Құдайлық пен адамилықтың өзара байланыстылығы);

3) антропологиялық (адамды құтқару мәселесі тұрғысынан адам табиғатындағы Құдайлық пен адамилықтың арақатынасы туралы мәселе).

Осы кезеңнің философиясының даму барысына әсер еткен философтар ретінде **Августин** және **Жалған-Дионисий Ареопагитті** ерекше атап өтуге болады.

Патристиканың соңғы, үшінші кезеңі – VI-VIII ғасырларды қамтыды, бұл тарихи кезеңге догматтардың тұрақтылығы, теология бастаған ғылымның энциклопедиялық кодификациялануы тән. Осы кезеңнің неғұрлым көрнекті өкілдеріне **Иоанн Дамаскин**, **Бозцийді** жатқызуға болады.

Нақтылы, өзіндік ортағасырлық философия VIII-XV ғасырларда орын алды. Осы тарихи кезең ортағасырлық философия тарихында

схоластика деген атпен мәлім философиялық жүйе қалыптасты, оған христиан философиясын жүйелі түрде дамытып, оны рационалды негіздеу тән болды. Осы мақсатпен олар антика философиясының идеяларын, ең алдымен Платон және Аристотель философиясының негізгі қағидаларын кеңінен пайдаланды. Егер патристикада аристотелизмнің әсері шамалы болса, онда Аристотельдің тек қана «Органоны», Цицерон, Порфирий, Бозций мен Абелярдың бірнеше комментарийлерімен шектелді. Тек қана XII ғасырдың ортасынан XIII ғасырдың аяғына дейінгі уақытта христиандық дүниетанымды антика философиясын қабылдауда терең өзгерістер байқалды. Аристотель философиясының рухани негіздері христиандық батысқа арабтілдік мұсылман философиясының қалыптасуына үлкен әсер етсе, ортағасырда араб тілінен латын тіліне аударылудың негізінде антика философиясы өзінің «тарихи отанына» мұсылман философтардың комментарийлерімен қайта оралды.

Схоластика да өзінің дамуында ұзақ тарихи уақытты қамтыды, оны негізгі 4 кезеңге бөлуге болады:

1-ші кезең VI-IX ғасырларды қамтыды, бұл кезеңді дайындық кезеңі деп атауға болады, оған қайта өрлеу көбірек тән болды деп айтуға болады. Оның көрнекті өкіліне **Иоанн Скот Эриугенаны** жатқызуға болады;

2-ші кезең IX-XII ғасырларды қамтыды, оған неоплатонизмнің әсері ерекше болды. Көрнекті өкілі: **Ансельм Кентерберийский**.

3-ші кезеңде, яғни кемеліне жеткен «классикалық» дәуірінде – XII-XIII ғасырларда «христиандық аристотелизм» үстем болды. Оның көрнекті өкілдері: **Ұлы Альберт** және **Фома Аквинский**.

4-ші кезең – схоластиканың соңғы, құлдырау кезеңі, ол XIII-XIV ғасырларды қамтыды және де томизмге қарсы шығып, оған ақиқаттың екіжақтылығы туралы ілімді қарсы қойды. Бұл ілімнің негізін салушы ибн-Рушд, осы ілімнің негізінде Батыс Еуропада ибн-Рушдтың көзқарасын жақтаушылар пайда болып, аверроизм бағыты кең етек жайды. Инквизиция мен католицистік шіркеудің қудалуына қарамастан Батыс Еуропада – Дунс Скотт, Сигер Брабантский, Роджер Бэкон, Италияда – Помпонати, Ванини, Икиллини, Забарелла, Кремонини сияқты өкілдері болды. Схоластиканың соңғы, құлдырау

кезеңінің көрнекті өкілдері: **Дунс Скотт, Уильям Оккам**.

Егер жалпы схоластикалық философияның өзіндік ерекшеліктері туралы айтатын болсақ, оған ұғымдар мен категорияларды, олардың реалды мазмұнын ескермей формальды түрде қарастыру жатады. Барлық мәселелер христиандық ілімдердің авторитетіне бағындырылған. Схоластикалық философияның негізгі мақсаты теологиямен тікелей байланыста болу. Осыған байланысты ерекше айтатын нәрсе – схоластика саналы түрде өзін теологияға қызмет ететін ғылым ретінде, «теологияның құлы» ретінде қарауы.

Шамамен XI ғасырдан бастап ортағасырлық университеттерде логика мәселелеріне деген қызығушылық байқала бастады, ол кезеңде ол диалектика деп аталатын және оның негізгі мақсаты ұғымдармен жұмыс істеу болатын. XI-XIV ғасыр философтарына Бозцийдің Аристотельдің «Категорияларына» берген комментарийлерімен «сенімнің ақиқаттылығын» түсіну үшін жасаған ұғымдар жүйесіне негізделген логикалық шығармалардың әсері зор болды. Христиандық догматтардың рационалдық түрде негіздеуге тырысу диалектиканы философияның маңызды бөлігіне айналуына негіз болды. Осындай негізде түсінілген диалектика ортағасырлық университеттерде ұзаққа созылатын, тіпті кейде он-он екі сағатқа дейін созылатын диспуттардың өтіп отыруына негіз болды.

Схоластикалық философияда ақиқатты табу немесе дәлелдеу мәселесі тұрған жоқ, себебі ақиқатты ақыл-ой арқылы тану арқылы емес, «ашылу» (откровение) арқылы беріледі, сондықтан мәселе осы «ашылу» арқылы түсіндіру және дәлелдеу. Сондықтан, схоластикалық философия алдына 3 мақсат қояды:

1-ші: ақыл сенімнің ақиқатын түсінуге және де сол арқылы олардың мазмұнын ойланатын адамның рухына жақындатуға көмектеседі;

2-ші: философиялық тәсілдер арқылы діни және теологиялық ақиқатты жүйелейді;

3-ші: философиялық аргументтерді пайдалана отырып қасиетті ақиқаттарды сынауға жол бермеу. Бұл жерде формализмге негізделген схоластикалық тәсіл туралы сөз болып отыр.

Схоластикалық ортағасырлық философияның келесі бір өте маңызды ерекшелігі – бірнеше ғасырға созылған реализм мен номинализм арасындағы күрес болды.

Реализм дегеніміз – схоластикалық ортағасырлық философиядағы жалпы ұғымдарды, яғни универсалийлерді жеке заттарға қарағанда реалды өмір деп есептейтін философиялық ағым. Реализмнің көрнекті өкілдеріне **Ансельм Кентерберийский, Фома Аквинский** жатады.

Номинализм – ортағасырлық философияның негізгі ағымдарының бірі болып табылады, олардың пікірі бойынша ұғымдар тек қана жеке заттардың атауы ғана болып табылады. Номиналистердің пікірі бойынша реалды түрде тек қана жеке заттар өмір сүреді. Номиналистер жалпы ұғым тек қабылдайтын субъектінің басында ғана пайда болады, санадан тыс өмір сүретін жалпылық жоқ, тек нақты заттар бар деп есептеді. Осы заттар туралы біздің ойымызда қалыптасқан жалпы ұғымдар, олардың пікірі бойынша, осы заттардан тәуелсіз өз беттерінше тек өмір сүре алмайды емес, сонымен қатар тіпті олардың қасиеттерін де бейнелемейді. Сонымен бірге, ерекше назар аударатын мәселе, номиналистер жеке заттардың табиғатын, олардың өздерін бейнелейтін ұғымдарға қарағанда біріншілігін дұрыс түсініп, осы жалпы ұғымдардың шынайы табиғатын, олардың объективті өмір сүретін заттардың шынайы қасиеттерін бейнелейтінін және де жеке заттардың жалпыдан бөлек болмайтынын түсіне алмады. Номинализмнің көрнекті өкілдеріне **Росцелин, Уильям Оккам** жатады.

Ортағасырлық философияға жалпы анықтама беретін болсақ, онда табиғатқа деген жаңа көзқарас қалыптасты. Енді табиғат антика философиясындағы сияқты еркін, өздігінше өмір сүретін нәрсе емес. Құдай туралы және оның жеке қасиеттері туралы ілім табиғаттың еркінділігі туралы ілімді жоққа шығарады, себебі Құдай табиғатты тек қана жаратып қоймайды, сонымен қатар олардың табиғи жолмен даму процесіне еркін араласа алады. Осындай көзқарастың ортағасырлық философияда кең тарауына байланысты, ортағасырда табиғатқа деген қарымқатынас өзгере бастайды. Біріншіден, ол антика заманында сияқты танымның маңызды пәні болудан қалады, ендігі жағдайда Құдайды және адам жанын тануға бағытталады. Екіншіден, тіпті табиғатқа деген қызығушылық байқалғанның өзінде де, олар символдар ретінде болып басқа жоғары реалдыққа сілтеме жасайды; ал ол реалдық – діни-әдептілік. Әрине, табиғатты осындай символдық тұрғыдан түсіндіру және түсіну оны ғылыми тұрғыдан тануға негіз бола алмады.

Адам мәселесіне де байланысты ортағасырлық ойшылдар көптеген пікір айтты. Дегенмен, осы жауаптардың екі жалпы негізі болды. Біріншісі – адам мәнін «Құдайға ұқсас және Құдай бейнесі» деген ешбір күмән келтіруге болмайтын библиялық анықтамаға негізделсе; екіншіден, Платон, Аристотель және олардың ізбасарлары дамытқан «адам саналы жануар» деген түсінікке негізделді. Осындай түсінікке негізделген ортағасырлық философтар: адамда не басым – парасаттылық па жоқ әлде жануарлық па; ақыл, парасат деген не, өмір деген не. Христиандық антропологияның антикалықтан негізгі айырмашылығы – адамға екіжақты анықтама беру. Ортағасырлық философияда адам табиғаттың патшасы ретінде тек бірінші орынға қойылып қана қоймайды, ол тіпті «Құдайға ұқсас және Құдай бейнесі» ретінде табиғаттан тыс шығарылып, оның үстіне орналастырылады (себебі Құдай трансценденттік болғандықтан өзі жаратқан дүниеден тыс және жоғары болуына байланысты). Ал антикалық философияда, ең алдымен платонизм мен аристотелизмде адамды басқа жүйелерден тыс шығармайды және де қарсы да қоймайды. Мысалы, платониктер үшін адамның шынайы мәні деп оның парасатты жан деп есептелгенмен, ол парасатты жандардың ұзақ сатысында – жандар, періштелер, Құдайлардың ішінде төменгі орында. Аристотель үшін адам жануар, яғни жаны бар тірі дене, бірақ адамның жануарлардан айырмашылығы, оның жаны парасатты, ақылды.

Ортағасырлық философияда қалыптасқан түсінік бойынша адаммен бүкіл басқа дүниенің арасында өтпес тұңғыш жатыр. Адам ол басқа дүниеден келген (ол «мәңгілік жандар дүниесі», «аспан патшалығы», «рухани дүние», «жұмақ», «аспан» деп аталуы мүмкін) және сол дүниеге, өзінің алғашқы, «тарихи отанына» қайтадан оралуы керек. Библияда айтылғандай, адам жер мен судан жаралғанмен, жануар сияқты өсіп-өнгенмен, ол тек қана жануарға ұқсас емес, сонымен бірге Құдайға да ұқсас. Сондықтан христиан дәстүрінде адам табиғаттың патшасы, жаратылғанның жоғарғы көрінісі деген көзқарас қалыптасты.

Ортағасырлық христиандық философияда рух, жан және дененің арақатынасы туралы мәселе өте маңызды орын алады. Христиандық философия бойынша рух Құдайдың адамға берген сыйы және ол әр уақытта жақсылыққа

және ақиқатқа ұмтылады. Ал жан дегеніміз ол адамның «менін» құрап, адамдағы жекеліктің бастамасы болып табылады және жақсылық пен жамандықты таңдайтын да осы жан болып табылады. Өзінің табиғаты бойынша жан рухқа бағыну керек те, ал дене – жанға бағынуға тиіс. Ортағасырлық аскетизмнің ерекшелігі – өзінің тәнінен мүлде бас тарту емес, оны жоғарғы – рухани бастамаға бағындыру ниетімен тәнді тәрбиелеу.

Ортағасырлық философияны қарастыруды жалпы қорытындылайтын болсақ, оның теоцентристік сипатта болғанын ерекше атап өту керек: ортағасырлық ойлау тәсілінде барлық негізгі ұғымдар мен принциптер Құдаймен байланыстылықта қарастырылып және сол арқылы анықталып отырған.

Христиан философиясындағы келесі маңызды мәселелердің бірі болып ақыл мен еріктің арақатынасы, еріктің еркінділігі туралы мәселелер болды. Егер антикалық философияда этиканың орталық мәселесі болып білім мәселесі болса, ортағасырда сенім мәселесі бірінші орынға шықты, яғни ақыл-парасаттылықтан ерікке көшті. Адамның ішкі өмірін қадағалаудың негізінде Августиннің айтуы бойынша, адам жақсы дегеннің не екенін біледі, бірақ оның еркі оған бағынбайды және ол істегісі келмеген нәрсені істеуге мәжбүр болады. Августин адамның осындай екіжақтылығын, оның өзіне өзінің бағынбауын жан ауруы деп қарайды. Сондықтан, ортағасырлық ілімдер бойынша адам өз бойындағы кемшіліктерді Құдайдың көмегінсіз жеңе алмайды. Ортағасырда адам енді өзін космостың органикалық бір бөлігі деп қарамайды, ол космостан, табиғаттан бөлініп алынып, одан жоғары болып қойылды. Ойластырылған бойынша, ол космостан жоғары болып табиғатқа үстемдік жасауы керек, бірақ өзінің күнәларына байланысты ол өзіне де ие бола алмай, толықтай Құдайға тәуелді болады. Адам жағдайының екіжақтылығы – ортағасырлық антропологияның маңызды ерекшелігі болып табылады. Адамның ішкі рухани өміріне деген ықыласы сыртқы – табиғи немесе әлеуметтік дүниемен емес, трансценденттік жаратушымен байланыстылықта қарау адамда өзінің «меніне» деген ерекше сезімді тудырады, ондайды тіпті антикалық мәдениет те білген емес. Философиялық тұрғыдан бұл ерекше субъективті реалдықты – өзіндік сана-сезімді ашуға алып

келеді, ол басқа кез келген сыртқы реалдыққа қарағанда адамға неғұрлым түсінікті және ашық болып келеді. Өзіміздегі «ішкі адам» арқылы біз өзіміздің тіршілігіміз туралы білім ала аламыз, ол үшін ешқандай сыртқы сезімдердің немесе объективті куәгерліктің дәлелін қажет етпейді. Осылай ортағасырда «Мен» ұғымы қалыптасып, жаңа заман рационализмінің негізі салынды.

Ортағасырда, антикалық санаға осындай дәрежеде тән емес, тарихқа деген ерекше құштарлық байқалады. Ежелгі Греция мен Римде тарих халықтың ерекше маңызды өзіндік сана-сезімінің формасы ретінде қарастырылғанымен, тарих әлі де болса, онтологиялық реалдық ретінде қарастырылмайды: ежелгі халықтарда болмыс тарихпен емес, табиғатпен, космоспен байланыстылықта қарастырылады. Ортағасырда «қасиетті космос» орнына «қасиетті тарих» келді. Ол түсінікті де, христиандық тұрғыдан маңызды дүниежүзілік тарихи оқиға – Құдай-баласының адамға Иисусқа айналуы – тарихи оқиға. Христиандардың күтуі бойынша Құдайға сенушілерді құтқару, ол да тарихи оқиға деп қарастырылады. Тарихтың соңын күту, немесе ортағасырлық ойлаудың эсхатологиялық ұстанымы (эсхатология – гректің *eschatos* – соңғы, аяққы деген мағынаны білдіреді) философтардың назарын тарихтың мәнін ұғынуға бағыттады, себебі ендігі жағдайда табиғат реалдылығына қарағанда, оны жоғарыда көрсетілгендей символдық тұрғыда қарастырғандықтан, тарих, әрине, ең алдымен «қасиетті тарих» шынайы реалдыққа айналды. Мыңжылдық бойы қасиетті жазуды зерттеу тарихи тексттерді түсінудің және түсіндірудің арнаулы тәсілінің – герменевтиканың қалыптасуына әкелді. Бірақ, мұнда ескерте кететін бір нәрсе, ортағасырда бұл түсіндірмелер христиандық догматтарға бағынышты болғандығын, бірақ бұл сонымен қатар жалпы тарихи реалдықты түсінуге, игеруге тәрбиеледі. Бұдан кейінгі тарихи кезеңде, ең алдымен, Қайта өрлеу заманында, XV-XVI ғасырларда, тарихқа деген қызығушылық басым болды.

Тарихқа шынайы қасиетті реалдық ретінде қызығушылық, адам жанының өміріне, «ішкі адамға» деген үңілумен байланыстылықта қарау, тарихи білімнің антропологиялық негізін құрайтын – есті зерттеуге негіз болды. Сондықтан, Августинде адам есін зерттеудің, соның

негізінде уақытты түсінудің алғашқы және фундаментальды талпынысын көреміз. Егер антика философтарының еңбектерінде уақыт космостағы өмір шеңберінде қарап, ең алдымен аспан денелерінің қозғалысымен байланысты қараса, Августин уақытты адам өміріне байланысты қарайды. Сондықтан, тіпті космос және ондағы қозғалыс болмаса да, жан қалар еді, олай болса уақыт та қалады. Уақыттың болу мүмкіндігі, Августин бойынша, біздің жанымыздың құрылымына байланысты, онда үш әртүрлі ұстанымды байқауға болады: болашаққа бағытталған күту, қазіргіге назар аудару және өткенге бағытталған іс. Ішкі уақыт тұрғысынан түсінген адам жай ғана табиғи емес, ең алдымен, тарихи жан иесі ретінде түсініледі. Бірақ ортағасырда осындай түсіну әлі де болса толық іске аспайды, себебі тарихтың өзі «қасиетті оқиғалар» шеңберіне енгізілген, сондықтан уақыттан тыс, тарихтан жоғары тұрған реалдық ретінде қарастырылады. Тек қана Қайта өрлеу дәуірінде ғана «бұқаралық» тарихты «қасиетті» қабығынан тазартып, оны өз бетінше бөлек реалдық ретінде қарауға мүмкіндік туды.

Ортағасырлық батысевропалық философияның даму барысына талдау жасаудың негізінде, мынадай қорытынды жасауға болады: оның тек қана бір бағытта дамуына қарамастан, яғни діни-идеалистік сипатта болуына қарамастан, осы философиялық ойлау шеңберінің ішінде көптеген мәселелерді қойып, кейбіреулеріне жауап беруге тырысқан, өзіндік мән-мағынасы бар, жалпы әлемдік философиялық ойлау жүйесінде ерекше орны бар, әлемдік философияның даму барысына өзіндік үлес қосқан ерекше философиялық жүйе деп қарауға толық негіз бар.

Әдебиеттер

- 1 Фролова Е.А. Рационализм в арабомусульманской философии // Рационалистическая традиция и современность: Ближний и Средний Восток. – М.: Наука. Главная редакция восточной литературы, 1990. – 280 с.
- 2 Избранные произведения мыслителей стран Ближнего и Среднего Востока. – М.: Соцгиз, 1961 – 632 с.
- 3 Неру Д. Открытие Индии. – М., 1989. – 360 с.

Н.Ж. Байтенова

Особенности и распространение средневековой философской мысли в Западной Европе

Данная статья посвящена основным периодам развития и особенностям западноевропейской средневековой философии. Средневековая философия охватывает V-XV вв., начиная с развала Римской империи и завершая эпохой Возрождения, охватывая тысячелетний период. В это время в Европе сформировались феодальные отношения, а христианство стало влиять на все сферы жизни общества. В связи с тем, что развитие средневековой философии совпало с установлением феодальных отношений, религиозная идеология стала главенствующей в обществе. Особенностью этого периода является то, что в средневековье не было чистой философии, все рассматриваемые проблемы были непосредственно связаны с идеями христианства.

На основе анализа основных вех развития западноевропейской средневековой философии можно сделать следующие выводы: несмотря на то, что она развивалась в одном направлении, т.е. несмотря на ее религиозно-идеалистический характер, в рамках данного философского мышления были поставлены ряд вопросов, на часть которых они попытались ответить. Западноевропейскую средневековую философию можно рассматривать как самодостаточную, занимающую особое место в системе мировой философской мысли и оказавшую влияние на ход ее развития.

N.J. Baitenova

Ортағасырлық Батыс Еуропада философиялық ойдың даму барысы және ерекшелігі

The given article is devoted to main stages of development and features of west European Medieval philosophy. Medieval philosophy encompasses the period between 5-15 centuries, with the end of Roman Empire and ends with the age of Renaissance. During this time in Europe, the feudal relations formed and Christianity became the main influence on all spheres of public life. Due to the development of Medieval philosophy coincided with the establishment of feudal relations religious ideology became dominant in society. The characteristic feature of this period is the lack of pure philosophy, all the considered issues were directly related to the Christian ideas.

On the base of analyses of main stages of development of Western European philosophy following conclusions might stem: despite the fact that it developed only in one-sided direction, etc, its religious-ideological character, within the frame of given philosophical thought there were set a range of issues they tried to answer. Western European philosophy is considered as self-reliant, taking a special place in the system of world philosophical thought and exerting influence on its development.